

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/welcome

MCD135

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

Құлақаспап арқылы тыңдау	16
Автоматты түрде қосу/өшіру	17

1 Қауіпсіздік	2
Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз	2
Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	2
Есту қауіпсіздігі	3

2 DVD micro жүйеңіз	5
Мүмкіндіктерге кіріспе	5
Қораптың құрамы	5
Негізгі құрылғыны шолу	6

3 Қолданар алдында	8
Ойнатқышты орналастыру	8
Қашықтан басқару құралының батареясын салу/ауыстыру	8

4 Қосу	9
Динамиктерді қосу	9
ТД жалғау	9
USB құрылғысын жалғау	10
Қуатты қосу	10

5 Жұмысты бастау	11
Қосу	11
Сағатты орнату	11
Дұрыс бейне кірісі арнасын табу	11
Дұрыс ТД жүйесін таңдау	11
Экрандық дисплейдің тілін таңдау	11

6 Ойнату	12
Негізгі пайдалану	12
Диск ойнату	12
Жазылған файлдарды ойнату	12
Ойнатуды басқару	14
Уақыт немесе тақырып/тарау/трек нөмірі бойынша іздеу	15
Дыбысты реттеу	15

7 Басқа мүмкіндіктер	16
FM радионы тыңдау	16
Дыбысты сыртқы құрылғыдан ойнату	16

8 Орнату	18
Реттеу мәзірінің интерфейсі	18
Параметрді өзгерту	18
Жүйе параметрлерін орнату	18
Тілді орнату	19
Дыбысты реттеу	19
Бейнені реттеу	19

9 Өнім туралы ақпарат	20
Ерекшеліктер	20
Қолданылатын дискі пішімдері	21
USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер	21

10 Ақаулықтарды жою	22
----------------------------	-----------

11 Ескерту	24
Сәйкестік	24
Қоршаған ортаны күту	24
Өнімде көрсетілген тауар белгісі	25
Авторлық құқық ескертпесі	25

1 Қауіпсіздік

Micro music system жүйесін пайдаланудың алдында барлық нұсқауларды оқып түсініңіз. Нұсқауларды орындау қателігінен ақаулық туындаса, кепілдік қолданылмайды.



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін өнім корпусын алып тастамаңыз.

«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аударуға шақырады. **АБАЙЛАҢЫЗ:** от немесе ток соғу қауіптерін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар оның үстіне қойылмауы тиіс. **ЕСКЕРТУ!** Ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсельді толығымен кіргізіңіз. (Полярлы штепсельдері бар аймақтар үшін: ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсель мен саңылаудың жалпақ жақтарын сәйкес келтіріңіз.)

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар!

- Өнімге немесе оның қосалқы құралдарына жаңбыр немесе су тимеуі керек. Өнімнің жанына ваза сияқты сұйықтық құйылған ыдыстарды қоймаңыз. Өнімге сұйықтықтар төгіліп кетсе, оны дереу розеткадан ажыратыңыз. Өнімді пайдалану алдында тексеріп алу үшін тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Өнімді және қосалқы құралдарды оттың немесе басқа қызу көздерінің жанына, соның ішінде тікелей күн сәулесіне қоймаңыз.
- Өнімнің желдеткіш тесіктеріне немесе басқа саңылауларына ештеңе салмаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.
- Найзағайлы бораннан бұрын өнімді розеткадан ажыратып қойыңыз.
- Электр шнурын ажыратқанда, ешқашан кабелінен емес, әрдайым ашасынан тартып суырыңыз.

Қысқа жүйе немесе өрт қаупі!

- Өнімді қуат көзіне жалғамай тұрып, электр кернеуі өнімнің артында жазылған мәнге сәйкес келетінін тексеріңіз. Егер кернеу басқа болса, өнімді розеткаға қосушы болмаңыз.
- Қашықтан басқару құралын немесе батареяларды жаңбырға, суға, күн сәулесіне немесе тым көп қызулы жерлерге ешқашан шығармаңыз.
- Қуат розеткасына қатты күш салмаңыз. Бос тағылған қуат розеткасы күйге немесе өртке себеп болуы мүмкін.

Жарақаттану немесе өнімге зақым келу қауіпі бар!

- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
- Ашық жағдайда көрінетін және көрінбейтін лазерлік сәулелену. Радио сәулелерін шығаруына жол бермеңіз.
- Диск бөліктерінің ішінен дискінің оптикалық линзаларына қолыңызды тигізбеңіз.
- Өнімді немесе басқа заттарды қуат сымдарының немесе электр жабдықтарының үстіне қоймаңыз.
- Өнім 5 °C градустан төмен температурада тасымалданған болса, оны қаптамасынан шығарыңыз да, розеткаға жалғамай тұрып, бөлме температурасына дейін жылынуын күтіңіз.

Қатты қызып кету қауіпі бар!

- Бұл өнімді тар жерде орнатуға болмайды. Желдетілуі үшін, өнімнің айналасында міндетті түрде кемінде 10 сантиметр орын қалдырыңыз.
- Өнімдегі желдеткіш тесіктердің перделермен немесе басқа заттармен жабылып қалмауын қадағалаңыз.

Ластану қауіпі!

- Батареяның заряды таусылған немесе қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, батареяны шығарыңыз.
- Ішінде химиялық заттар бар болғандықтан, батареяларды дұрыс тастау керек.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

Есту қауіпсіздігі



Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз.

- Құлақаспаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетіңізді нашарлатады. Бұл өнім дыбыстарды бір минуттан аз тыңдаған қалыпты адамның есту қабілетінің жоғалуына себеп болатын децибелдің ауқымда шығарады. Жоғары децибелдік ауқымдар есту қабілеті бұрыннан нашар адамдарға ұсынылады.
- Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын естуге «қолайлы деңгейіңіз» жоғары дыбыс деңгейіне бейімделеді. Ұзақ уақыт тыңдағаннан кейін «қалыпты» дыбыстар қатты естілуі және есту органдарыңызға зиянды болады. Бұдан қорғану үшін есту органыңыз бейімделместен бұрын дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, солай қалдырыңыз.

Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін:

- Дыбыс деңгейін реттегішті төмен параметрге орнатыңыз.
- Дыбысты жақсы және бұрмаланусыз анық естігенге дейін баяулап көбейтіңіз.

Бірқалыпты уақыт аралығында тыңдаңыз:

- Дыбысты ұзақ уақыт, тіпті «қауіпсіз» деңгейде тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына себеп болады.
- Жабдықты бірқалыпты пайдаланыңыз және тиісті үзілістер жасаңыз.

Құлақаспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.

- Үлқтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз.



Ескертпе

- Түр тақтасы өнімнің артқы жағында орналасқан.

2 DVD micro жүйеңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: www.philips.com/welcome.

Егер тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарлассаңыз, сізден құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі құрылғының артқы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____

Мүмкіндіктерге кіріспе

Бұл ойнатқыштың мүмкіндіктері:


- дискілерден және USB жад құрылғыларынан бейнелерді, дыбыстарды ойнату және суреттерді көрсету
- iPod/iPhone құрылғысынан дыбыстарды ойнату

Қолдау көрсетілетін мультимедиа туралы мәліметтерді «Техникалық сипаттамалар» бөлімінен қараңыз.



Аймақтық код

Төмендегі аймақтық кодпен белгіленген DVD дискілерін ойнатуға болады.

DVD аймақтық коды	Елдер
	Ресей, Украина, Үндістан

Дыбыс әсері

Бұл ойнатқыш DSC (сандық дыбыс әсері) және DBB (динамикалық басс күшейту) арқылы дыбыс шығаруды қолдайды.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.


- Негізгі бөлік
- 2 динамик
- Қашықтан басқару пульті
- Дыбыс және бейне кабельдері (ақ, қызыл және сары коннекторлар)
- USB кабелі (100 мм)
- MP3 link кабелі (3,5 мм ашасы)
- Ток сымы
- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы





Мүмкіндіктерді толығымен пайдалану үшін сізге келесі кабельдер қажет.

- Компоненттік бейне кабельдері

Бұл қосымша кабельдерді сатып алу үшін жергілікті дүкендерге хабарласыңыз.

Негізгі құрылғыны шолу



- ① ▲
 - Дисксалғышты шығару немесе жабу.
- ② ИҚ сенсоры
- ③ VFD дисплейі
- ④ Диск бөлімі
- ⑤ VOLUME
 - Дыбыс деңгейін көбейту немесе азайту.
- ⑥ Ашу үшін тартыңыз
- ⑦ 
 - USB құрылғысын жалғау.
- ⑧ MP3 LINK
 - MP3 link кабелін жалау (3,5 мм аша).
- ⑨ 
 - Құлақаспапқа арналған ұя.
- ⑩ 
 - Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру.
- ⑪ 
 - Алдыңғы немесе келесі тақырыпқа, тарауға, трекке немесе файлға өту.
 - Артқа қарай немесе алға қарай жылдам іздеу.

⑫ ■

- Ойнатуды тоқтату.

⑬ SOURCE

- Мультимедиа көзін (диск, USB жад құрылғысы, FM тюнері немесе MP3 link кабелі арқылы қосылған сыртқы құрылғы) таңдау.

⑭ DBB

- DBB (динамикалық басс күшейту) мүмкіндігін қосу немесе өшіру.

⑮ ⏻


- Құрылғыны қосу немесе өшіру.
- Құту режиміне ауысу.

3 Қолданар алдында

Ойнатқышты орналастыру

Ескертпе

- Осы құрылғыны тегіс, қатты және орнықты жерге орналастырыңыз.
- Ешқашан бұл ойнатқышты жабық шкаф немесе кез келген басқа электр жабдық ішіне орналастырмаңыз.
- Бұл ойнатқышты күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Желдету саңылауларын бітемеңіз.
- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Ойнатқыштың үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған балауыз шамдар) қоймаңыз.
- Бұл ойнатқышты АТ ашасына оңай жетуге болатын АТ розеткасының жанына қойыңыз.
- Магниттік кедергілерді немесе қажетсіз шуды болдырмау үшін ешқашан негізгі құрылғыны және динамиктерді қандай да бір толқындар шығаратын құрылғылардың жанына тым жақын қоймаңыз.




- 1 Ойнатқышты ТД жанына орналастырыңыз.
- 2 Сол және оң динамиктерді ТД-дан бірдей қашықтықта және тыңдау орнынан шамамен 45 градус бұрышпен орналастырыңыз.

Қашықтан басқару құралының батареясын салу/ауыстыру

Ескертпе

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, батареяны шығарыңыз.



- 1 Батарея науасын тартып шығарыңыз.
- 2 Бір CR2025 батареясын көрсетілгендей дұрыс полярлықпен (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея науасын итеріп жабыңыз.


4 Қосу

Динамиктерді қосу



Ескертпе

- Ең жақсы дыбыс сапасы үшін тек жинақтағы динамиктерді пайдаланыңыз.
- Тек кедергісі бірдей немесе жоғарырақ динамиктерді жалғаңыз. Мәліметтерді «Өнім туралы ақпарат» > «Техникалық сипаттамалар» тармағынан қараңыз.




- 1 Динамик ашаларын негізгі құрылғыға жалғаңыз:
 - сол жақ динамиктің ашасын **L+** және **L-** ұяларына.
 - оң жақ динамиктің ашасын **R+** және **R-** ұяларына.

ТД жалғау


Дыбыс және бейне кабельдерін ойнатқыштағы шығыс ұяларға және ТД-дағы сәйкес кіріс ұяларға жалғаңыз. ТД қолдайтын ең жақсы бейне қосылымын таңдаңыз.

1-әдіс: композиттік бейне кабелі арқылы қосу




- 1 Композиттік бейне кабельді мынаған жалғаңыз:
 - осы өнімдегі **VIDEO** ұясына.
 - ТД-дағы бейне кірісі ұясы.
- 2 Дыбыс кабельдерін мыналарға қосыңыз:
 - осы өнімдегі **L** және **R** ұялары.
 - 1-қадамда аталған бейне кірісі ұясымен топтастырылған дыбыс кірісі ұялары.

2-әдіс: компоненттік бейне кабельдері арқылы қосу



Сапасы жоғарырақ бейне үшін прогрессивті жайма теледидарын компоненттік бейне кабельдері арқылы жалғаңыз.

- 1 Компоненттік бейне кабельдерін мынаған жалғаңыз:
 - осы өнімдегі **Y Pb/Cb Pr/Cr** ұялары.
 - теледидардағы компоненттік кіріс ұялары.
- 2 Дыбыс кабельдерін мыналарға қосыңыз:
 - осы өнімдегі **L** және **R** ұялары.
 - 1-қадамда аталған компоненттік кіріс ұясымен топтастырылған дыбыс кіріс ұялары.




- 1 АТ қуат сымын мынаған жалғаңыз
 - осы өнімдегі **AC MAINS** ұясына.
 - қуат көзі арасында қосыңыз.

USB құрылғысын жалғау

Ескертпе

- Ең жақсы деректерді тасымалдау үшін тек жинақтағы USB кабелін пайдаланыңыз.

- 1 Жинақтағы USB кабелін төмендегіге қосыңыз:
 - негізгі құрылғыдағы  ұяшығы;
 - USB жад құрылғысының ашасы.



Қуатты қосу

Ескертпе

- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.
- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі негізгі құрылғының артқы жағында басылған кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- АТ қуат сымын қосудың алдында барлық басқа қосылымдарды аяқтағаныңызды тексеріңіз.
- Қуат сымын, атап айтқанда, ашаларынан, розеткаларынан және құрылғыдан шығып тұрған жерінен басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.

5 Жұмысты бастау

Қосу

- 1  түймесін басыңыз.
↳ Ойнатқыш соңғы таңдалған көзге ауысады.
 - Осы ойнатқышты күту режиміне ауыстыру үшін  түймесін қайтадан басыңыз.



Ескертпе

- Егер 15 минут ішінде ешбір көз ойнатылмаса, ойнатқыш күту режиміне ауысады.
- Егер күту режимінде 15 минут ішінде ешбір әрекет орындалмаса, ойнатқыш Есо қуаты күту режиміне ауысады.

Сағатты орнату

Ойнатқыш 24 сағаттық уақыт пішімін пайдаланады.

- 1 Күту режимінде **DISPLAY/CLOCK** түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтайды.
- 2 Сағатты орнату үшін **◀ / ▶** түймесін басыңыз.
- 3 Қайтадан **DISPLAY/CLOCK** түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтайды.
- 4 Минутты орнату үшін **◀ / ▶** түймесін басыңыз.
- 5 Параметрді растау үшін **DISPLAY/CLOCK** түймесін басыңыз.

Дұрыс бейне кірісі арнасын табу

- 1 Ойнатқышты қосыңыз.
- 2 Диск көзін таңдау үшін **DISC** түймесін басыңыз.
 - ТД қосып, дұрыс бейне кірісі арнасына ауысыңыз.



Ескертпе

- Бейне кірісі арналары арасында ауысу әдісін ТД-дың пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Дұрыс ТД жүйесін таңдау

Бұл ойнатқыш NTSC және PAL екеуімен де үйлесімді. Егер сурет әдепкі параметрмен қалыпты емес көрсетілсе, ТД-ға сәйкес ТД жүйесін таңдаңыз. (Мәліметтерді «Setup (Параметрлерді орнату)» > «System setup (Жүйелік параметрлерді орнату)» > **[TV SYSTEM]** тармағынан қараңыз)

Экрандық дисплейдің тілін таңдау

Ағылшын және орыс тілдері — осы параметр үшін әдепкі тіл параметрлері. (Мәліметтерді «Setup» (Параметрлерді орнату) > «Language setup» (Тілді орнату) > **[OSD LANGUAGE]** тармағынан қараңыз)

6 Ойнату

! Ескерту

- Ойнатқыш зақымдалуы мүмкін! Ойнату кезінде құрылғыны жылжытушы болмаңыз.
- Ешқашан диск бөліміне дисктен басқа затты салмаңыз.
- Ойнатқыш ішіндегі лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Диск тұрақтандырығыш сақиналар немесе дискіні өңдеу парақтары сияқты қосалқы құралдардың көмегімен ешқашан дискілерді ойнатпаңыз.

Әрекеттен кейін «[INVALID KEY]» көрсетілсе, бұл осы әрекет ағымдағы медиа үшін немесе ағымдағы уақытта қол жетімді емес екенін көрсетеді.

Негізгі пайдалану

Келесі әрекеттерді барлық қолдау көрсетілетін медиаға қолдануға болады.

Функция	Әрекет
Ойнатуды тоқтату	■ түймесін басыңыз.
Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру	▶ түймесін басыңыз.
Алдыңғы немесе келесі тақырыпқа, тарауға, трекке немесе файлға өту.	◀ / ▶ түймесін басыңыз.

Диск ойнату

- 1 Диск көзін таңдау үшін **DISC** түймесін басыңыз.
- 2 Диск науасын ашу үшін **▲** түймесін басыңыз.

- 3 Дискіні диск науасына басылған жағын жоғары қаратып салыңыз да, **▲** түймесін басыңыз.

- 4 Ойнатқыш ойнатуды автоматты түрде бастайды.

- Ойнатуды қолмен бастау үшін **▶||** түймесін басыңыз.
- Рейтинг деңгейі сіз орнатқан параметрден жоғарырақ DVD дискіні ойнату үшін алдымен 4 таңбалы құпиясөзді енгізіңіз. («Setup (Параметрлерді орнату)» > «System setup (Жүйелік параметрлерді орнату)» > **[PASSWORD]** және **[RATING]** тармағын қараңыз)


Жазылған файлдарды ойнату

CD-R/RW, жазылатын DVD немесе USB жад құрылғысына көшірілген DivX/MP3/WMA/JPEG файлдарын ойнатуға болады.

☰ Ескертпе

- Осы ойнатқыштың DivX® тіркеу кодымен жадданған немесе сатып алынған DivX бейнелерін ғана ойната аласыз. («Setup» (Параметрлерді орнату) > «Language setup» (Тілді орнату) > **[DIVX[R]VOD]** тармағын қараңыз)
- Келесі файл кеңейтімдері (.srt, .smi, .sub, .ssa, .ass) бар субтитр файлдарына қолдау көрсетіледі, бірақ олар файлдар тізімінде көрсетілмейді.
- Субтитр файл атауы DivX бейнесінің файл атауымен (файл кеңейтімін қоспағанда) бірдей болуы керек.
- DivX бейне файлын және субтитр файлын бірдей каталогта сақтау керек.

- 1 Көзді таңдаңыз.
 - USB жад құрылғысы үшін **USB** түймесін басыңыз.
 - Диск үшін **DISC** түймесін басыңыз.
- 2 USB жад құрылғысын немесе дискіні салыңыз.
 - ↳ Ойнатқыш ойнатуды автоматты түрде бастайды.
 - ↳ Ойнату интерфейсі көрсетіледі.



- Жоғарғы жақта: ағымдағы файлдың атауы және ағымдағы қалтаның атауы
- Сол жақта: қалталар тізімі
- Оң жақта: файлдар тізімі
- Төменгі жақта: санат белгішелері
 - — музыка
 - — фотосуреттер
 - — бейнелер

Санатқа қол жеткізу

- 1 Санат белгішесі бөлектелгенше (немесе) түймесін қайта-қайта басыңыз.
 - Егер белгілі бір санатта файл болмаса, санат белгішесі бөлектелмейді.
- 2 Таңдалған санаттың белгішесін бөлектеу үшін (немесе) түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Осы санатқа жататын файлдарды қамтитын қалталар көрсетіледі.

Қалтаға қол жеткізу

- 1 Қалта атауы бөлектелгенше түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 Таңдалған қалта атауын бөлектеу үшін / түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Қалтадағы таңдалған санатқа жататын файлдар көрсетіледі.

Файлды ойнату

- 1 Таңдалған қалтаға қол жеткізу.
- 2 Файл атауын бөлектеу үшін түймесін басыңыз.
- 3 Таңдалған файл атауын бөлектеу үшін / түймесін басыңыз.
- 4 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Таңдалған файл ойнатыла бастайды.
 - ↳ Ойнатқыш бірдей санаттың соңғы файлының соңында ойнатуды автоматты түрде тоқтатады.

Слайдшоуды және музыканы бір уақытта ойнату

Ескертпе

- USB жад құрылғысында немесе дискіде WMA/MP3 файлдары да, JPEG фотосуреттері де бар екенін тексеріңіз.
- Слайдшоу параметрлерін «Setup» (Параметрлерді орнату) > «System setup» (Жүйе параметрлерін орнату) тармағынан қараңыз.














- 1 WMA/MP3 файлын ойнату.
- 2 Фотосурет санатына қол жеткізу.
- 3 Фотосурет қалтасына қол жеткізу.
- 4 Фотосурет файлын таңдау.
- 5 Слайдшоуды бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.
 - Слайдшоу бір уақыт үшін барлық фотосуреттер көрсетілгеннен кейін тоқтайды.
 - Слайд көрсетілімін тоқтату үшін түймесін басыңыз.

Ескертпе

- Бұл ойнатқыш сандық камераларда кеңінен пайдаланылатын JPEG-EXIF пішіміндегі сандық камера суреттерін ғана көрсете алады. Ол Motion JPEG немесе JPEG пішімінен басқа пішімдердегі суреттерді көрсете алмайды. Суреттермен байланысты дыбыс клиптерін де көрсету мүмкін емес.
- Егер JPEG фотосуреті «exif» файл түрімен жазылмаса, «көк тау» нобай суреті түрінде көрсетіледі.

Ойнатуды басқару

Ойнатуды басқару үшін нұсқауларды орындаңыз.

Мультимедиа	Функция	Әрекет
	Диск мәзіріне оралу	DISC MENU түймешігін қайта-қайта басыңыз.
	PBC (ойнатуды басқару) мүмкіндігін қосу/өшіру	DISC MENU түймешігін қайта-қайта басыңыз. <ul style="list-style-type: none"> PBC мүмкіндігін қосып, PBC мәзірін көрсетіңіз, содан кейін таңдауды енгізу үшін сандық түймелерді пайдаланыңыз.
	Дыбыс тілін немесе дыбыс арнасын таңдау	AUDIO түймешігін қайта-қайта басыңыз.
	Субтитрдің тілін таңдау	SUBTITLE түймешігін қайта-қайта басыңыз.
	Камера бұрышын таңдау	ANGLE түймешігін қайта-қайта басыңыз.
	Ойнату режимін (қайталап және кездейсоқ ойнату) режимін таңдау	MODE түймешігін қайта-қайта басыңыз.
	Тараудағы немесе тректегі белгілі бір бөлімді қайталау	<ol style="list-style-type: none"> 1) Басталу нүктесін таңдау үшін REPEAT A-B түймесін басыңыз. 2) Аяқталу нүктесін таңдау үшін REPEAT A-B түймесін қайтадан басыңыз. <ul style="list-style-type: none"> ↳ Таңдалған бөлім қайта-қайта ойнатыла бастайды. <ul style="list-style-type: none"> • Қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін [REP OFF] көрсетілгенше REPEAT A-B түймесін қайта-қайта басыңыз.
	Ойнату туралы ақпаратты көрсету	DISPLAY түймесін басыңыз.
	Үлкейту немесе кішірейту	ZOOM түймешігін қайта-қайта басыңыз. <ul style="list-style-type: none"> • Үлкейтілген кескінді панорама түрінде көру үшін ▲ / ▼ ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз.
	Ойнатуды баяулату	Ойнату жылдамдығын таңдау үшін ▼ түймесін қайта-қайта басыңыз.
	Жылдам артқа немесе алға іздеу.	Жылдамдықты таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
	Фотосуреттерді алдын ала қарау	Файлдар тізімінде файл атауын бөлектеу үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз.
	Фотосуретті бұру	▲ / ▼ / ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз.

Уақыт немесе тақырып/ тарау/трек нөмірі бойынша іздеу

- 1 Ойнату кезінде **GOTO** түймесін басыңыз.
- 2 Санды, тарау нөмірін, трек нөмірін немесе уақыт өрісін бөлектеу үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 3 Сан немесе уақыт сандарын енгізу үшін **сандық түймелерді** пайдаланыңыз.
- 4 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
↳ **[GOTO]** көрсетіледі.
↳ Автоматты түрде ойнатыла бастайды.

Дыбысты реттеу

Дыбыс деңгейін реттеуге және дыбыс әсерлерін таңдауға болады.

Функция	Әрекет
Дыбыс деңгейін арттыру/азайту	+VOL - түймесін басыңыз; VOLUME тұтқасын сағат тілімен немесе сағат тіліне кері бұрыңыз.
Алдын ала орнатылған дыбыс әсерін (POP, ROCK, JAZZ және CLASSIC) таңдау	DSC түймешігін қайта-қайта басыңыз.
DBB (динамикалық басс күшейту) мүмкіндігін қосу/өшіру	DBB түймесін басыңыз.
Динамиктердің дыбысын өшіру/ қосу	MUTE түймесін басыңыз.

7 Басқа мүмкіндіктер

FM радионы тыңдау

Ескертпе

- Ең көбі 10 радио стансаны сақтауға болады.
- Жақсырақ қабылдау үшін FM антеннасын толығымен шығарыңыз.

Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау

- 1 TUNER түймесін басыңыз.
- 2 ANGLE/PROG түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
 - ↳ **PLTP** жыпылықтайды.
 - ↳ Қол жетімді стансалар бағдарламаланады.
 - ↳ Бірінші бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау

- 1 TUNER түймесін басыңыз.
- 2 Радиостанцияға реттеу үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 3 ANGLE/PROG түймесін басыңыз.
 - ↳ Ағымдағы жиілік көрсетілгенде реттік нөмір жыпылықтайды.
- 4 Осы радио стансаға **01 - 10** реттік нөмірін белгілеу үшін ◀ / ▶ түймесін басыңыз.

- 5 Растау үшін, **ANGLE/PROG** түймесін басыңыз.
 - ↳ Реттік нөмір және ағымдағы жиілік көрсетіледі.

- 6 Қосымша стансаларды бағдарламалау үшін 2 - 5 қадамдарды қайталаңыз.

Ескертпе

- Бағдарламаланған радио стансаның үстінен жазу үшін оның реттік нөмірімен басқа стансаны сақтаңыз.

Бағдарламаланған радио стансаны баптау


- 1 TUNER түймесін басыңыз.
- 2 Бағдарламаланған радио стансаны таңдау үшін ◀ / ▶ (немесе ▲ / ▼) түймесін қайта-қайта басыңыз.

Дыбысты сыртқы құрылғыдан ойнату

Бұл ойнатқышты пайдаланып сыртқы құрылғыдан дыбысты ойнатуға болады.

- 1 MP3 link кабелін келесіге қосыңыз:
 - осы ойнатқыштың **MP3 LINK** ұясы
 - сыртқы құрылғының дыбыс шығару ұясы (әдетте құлақсаппа ұясы).
- 2 MP3-LINK түймесін басыңыз.
- 3 Сыртқы құрылғыны ойнатыңыз (мәліметтер алу үшін осы құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

Құлақсаппа арқылы тыңдау

Құлақсаппа  ұясына салыңыз.

Автоматты түрде қосу/ өшіру

Қуатты автоматты қосу және өшіру уақытын орнатуға болады.



Ескертпе

- Осы реттеу алдында сағат орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Күту режимінде **SLEEP/TIMER** түймесін басып тұрыңыз.
↳ **PNTIME** (қуаттың автоматты өшу уақыты) жыпылықтайды.
- 2 **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтайды.
- 3 Сағатты орнату үшін **◀** / **▶** түймесін басыңыз.
- 4 Қайтадан **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтайды.
- 5 Минутты орнату үшін **◀** / **▶** түймесін басыңыз.
- 6 Қуаттың автоматты қосылу уақытын растау үшін **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
↳ **PNTIME** жыпылықтайды.
 - Қуаттың өшу уақытын орнатқыңыз келсе, **◀** / **▶** түймесін басып **OFF TIME** (қуаттың автоматты өшу уақыты) параметрін таңдаңыз да, 2-6 қадамдарды қайталаңыз.
- 7 **SOURCE** таңдау үшін **◀** / **▶** түймесін басыңыз.
- 8 **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
- 9 **◀** / **▶** түймесін басып мультимедиа көзін (**DISC**, **USB** немесе **FM**) таңдаңыз.
 - Тюнер көзі үшін бағдарламаланған радио стансаны таңдау үшін бәрібір **◀** / **▶** түймесін басу керек.
- 10 **OK** түймесін басыңыз.
↳ Сағат уақыты көрсетіледі.

- 11 Таймерді іске қосу үшін **SLEEP/TIMER** түймесін басыңыз.
↳ көрсетіледі.
↳ Ойнатқыш орнатылған уақытта қосылады/өшеді.
 - Таймерді өшіру үшін **SLEEP/TIMER** түймесін қайтадан басыңыз.

Ұйқы таймерін пайдалану


Сондай-ақ, ойнатқыш алдын ала орнатылған уақыттан кейін автоматты түрде өше алады (10 минут аралығымен 10-90 минут).

- 1 Ойнату барысында кезеңді таңдау үшін **SLEEP/TIMER** түймесін қайта-қайта басыңыз.
↳ **SLEEP** көрсетіледі.
- 2 Ұйқы таймерін өшіру үшін **SLEEP/TIMER** түймесін **SLEEP OFF** көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.

8 Орнату

Реттеу мәзірінің интерфейсі

SETUP түймесін басқаннан кейін төмендегідей реттеу мәзірі көрсетіледі.



Жоғарғы жақта: негізгі мәзірлердің белгішелері

- ✨ — [SYSTEM SETUP] мәзірі үшін
- 📺 — [LANGUAGE SETUP] мәзірі үшін
- 🔊 — [AUDIO SETUP] мәзірі үшін
- 📺 — [VIDEO SETUP] мәзірі үшін

Ортада: ағымдағы негізгі мәзірдің атауы
Сол жақта: ағымдағы мәзірдегі элементтер
Оң жақта: параметр опциялары

Параметрді өзгерту

Ескертпе

- Егер мәзір элементі немесе параметр опциясы сұр болса, бұл ағымдағы күйде параметрді өзгерту мүмкін емес екенін білдіреді.

- 1 **SETUP** түймесін басыңыз.
 - Басқа негізгі мәзірге қол жеткізу үшін ◀◀/▶▶ түймесін басып сол мәзірдің белгішесін таңданыз.

- 2 Мәзір элементін таңдау үшін ▲▼ түймесін басыңыз.
- 3 **OK** түймесін басыңыз.
 - Егер диалогтық терезе көрсетілсе, пайдалану туралы нұсқауларды орындаңыз.
- 4 Параметр опциясын таңдау үшін ▲▼ түймесін басыңыз.
- 5 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
 - Мәзірден шығу үшін **SETUP** түймесін басыңыз.

Жүйе параметрлерін орнату

[SCREEN SAVER]

ТД экранының қалдық кескін әсерінен зақымдалудан қорғау.

- **[ON]** – экран сақтағышты қосу.
- **[OFF]** – экран сақтағышты өшіру.

[PICTURE MUSIC]

Бұл ойнатқыш бір уақытта слайдшоуды және музыканы ойната алады.

- **[ON]** - осы мүмкіндікті қосу.
- **[OFF]** - осы мүмкіндікті өшіру.

[SLIDE TIME]

Екі слайд арасындағы уақыт аралығын (15 секунд, 30 секунд немесе 45 секунд) орнатыңыз.

[SLIDE EFFECT]

Слайдты көрсету әсерін таңдаңыз.

[PASSWORD]

Балалар үшін рейтинг қойылған дискілерді ойнатуды шектеу үшін құпиясөз орнатыңыз. Әделкі құпиясөз — «0000». 4 таңбалы құпиясөзді өзгертуге болады.

- 1 **SETUP** түймесін басыңыз.
- 2 **[SYSTEM SETUP] > [PASSWORD]** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Ағымдағы құпиясөзді сандық пернелер (0-9) көмегімен енгізіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.
 - Егер құпиясөзді ұмытып кетсеңіз, «0000» құпиясөзін енгізіңіз.

4 Жаңа құпиясөзді енгізіңіз.

5 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.

[RATING]

Балалар үшін жарамсыз дискілерді ойнатуды шектеу үшін рейтинг деңгейін таңдаңыз. Рейтинг деңгейі сіз орнатқан параметрден жоғарырақ дискіні ойнату үшін 4 таңбалы құпиясөзді енгізу керек. Бұл дискілерді рейтинг деңгейлерімен бірге жазу керек.

[DEFAULT]

[PASSWORD] және [RATING]

параметрлерінен басқа барлық параметрдің зауыттық әдепкі мәндерін қалпына келтіру.

Тілді орнату

[OSD LANGUAGE]

Экрандық дисплей хабарлары үшін тілді таңдау.

[MENU LANG]

Диск мәзірі үшін тілді таңдау.

[DIVX SUBTITLE]

DivX бейнесінің субтитрлерін қолдайтын таңбалар жиынын таңдау.

[DIVX[R] VOD]

the DivX® тіркеу кодын ([REGISTER CODE] артында) көрсету.

Ескертпе

- Ойнатқышты тіркеу және DivX бейнелерін жалдау немесе сатып алу әдісін көру үшін www.divx.com/vod бетіне өтіңіз.
- Осы тіркеу кодымен жалданған немесе сатып алынған DivX бейнелерін тек осы ойнатқышта ойнатуға болады.

Дыбысты реттеу

[DOWNMIX]

Көп арналы Dolby сандық дыбысын 2 арналы көлемді дыбысқа ([LT/RT]) немесе стереофониялық дыбысқа ([STEREO]) қысу.

[NIGHT MODE]

Қатты дыбысты және жұмсақ дыбысты теңестіру. Бұл мүмкіндікті түнде DVD фильмдерін төмен дыбыс деңгейімен көру үшін қосыңыз.

[DYNAMIC RANGE]

Дыбыс шығысы үшін динамикалық ауқымды орнату.

Бейнені реттеу

[TV SYSTEM]

Теледидарға сәйкес ТД жүйесін таңдау.

[TV TYPE]

ТД экранына сәйкес дисплей арақатынасын таңдау.

9 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2 X 25 Вт RMS
Жиілік жауабы	40 Гц - 20 000 Гц, ±3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	> 65 дБ
Қосымша кіріс	500 мВ RMS 600 Ом

Диск

Лазер түрі	Жартылай өткізгіш
Диск диаметрі	12 см/8 см
Бейнені кодсыздандыру	MPEG-1 / MPEG-2 / DivX
Бейне DAC	12 бит
Сигналдар жүйесі	PAL / NTSC
Бейне пішімі	4:3 / 16:9
Бейне С/Ш	> 48 дБ
Дыбыс DAC	24 Бит / 96 кГц
Гармоникалық мазмұн	< 0,8% (1 кГц)
Жиілік жауабы	4 Гц -20 кГц (44,1 кГц) 4 Гц - 22 кГц (48 кГц) 4 Гц - 24 кГц (96 кГц)
С/Ш қатынасы	> 65 дБА
Бейне ажыратымдылығы	720 X 480 X 30; 720 X 576 X 25

Тюнер (FM)

Реттеу ауқымы	87,5 - 108 МГц;
Реттеу торы	50 КГц
Сезімталдық - Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	<22 дБф
Сезімталдық - стерео, 46 дБ С/Ш қатынасы	<43 дБф
Іздеуді таңдау мүмкіндігі	>28 дБф
Гармоникалық мазмұн	<2%
Сигнал-шу арақатынасы	> 55 дБ

Динамиктер

Үндеткіштің номиналдық қарсылығы	6 Ом
Үндеткіш драйвері	Толық ауқымды динамик
Сезімталдық	> 86 дБ/м/Вт ± 4 дБ/м/Вт

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	110 - 240 В~, 50/60 Гц
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	25 Вт
Қуат үнемдеу режимінде қуат тұтынуы	< 1 Вт
Композиттік бейне шығысы	1.0 Vp-p, 75 Ом
Құлақаспаптың шығысы	2 X 15 мВ, 32 Ом
USB Direct	2.0 нұсқасы
Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	152 X 170 X 210 мм
- Динамик қорабы (Е x Б x Қ)	152 X 170 X 200 мм
Салмағы	
- Қорабымен	5,3 кг
- Негізгі құрылғы	3,9 кг

Қолданылатын дискі пішімдері

- Сандық бейне дискілері (DVD)
- Video CD (VCD)
- SuperVideo CD (SVCD)
- Қайта жазылатын сандық бейне дискілер (DVD+RW)
- Ықшам дискілер (CD)
- CDR(W) пішіміндегі Сурет (Kodak, JPEG) файлдары
- DivX® дискісі, CD-R(W)
- DivX 3.11
- WMA

Қолданылатын MP3-CD пішімдері:

- ISO 9660
- Ең жоғарғы тақырып/альбом атауы: 24 таңба
- Ең жоғарғы жазба саны мен альбом: 255
- Ең жоғарғы кірістірілген каталог: 8 деңгей
- Ең жоғарғы альбом саны: 130
- Ең жоғарғы MP3 тректерінің саны: 5000
- MP3 дискілері үшін қолдау көрсетілетін дискретизация жиіліктері: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц.
- MP3 дискілері үшін қолдау көрсетілетін бит жылдамдығы: 32, 64, 96, 128, 192, 256 (кбит/с).
- Келесі пішімдерге қолдау көрсетілмейді:
 - Файлдар: *.VMA, *.AAC, *.DLF, *.M3U
 - *.PLS, *.WAV
 - Joliet пішімінде жазылған дискілер
 - MP3 Pro және ID3 тәгі бар MP3

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

Үйлесімді USB құрылғылары:

- USB флеш жады (USB 2.0 немесе USB1.1)
- USB флеш ойнатқыштары (USB 2.0 немесе USB1.1)
- жад карталары (қосымша карта оқу құралын қажет етеді)

Қолданылатын пішімдер:

- USB немесе жад файлы пішімі: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор өлшемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32-320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдығы
- WMA v9 не одан бұрынғы
- DivX 3.11
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар
- Альбомдар/ қалталар саны: ең көбі 99
- Жолдар/жазылымдар саны: ең көбі 999
- ID3 тәгі, 2.0 нұсқасы немесе одан кейінгі
- Unicode UTF8 пішіміндегі файл атауы (ең үлкен ұзындығы: 128 байт)

Қолданылмайтын пішімдер:

- Бос альбомдар: бос альбом бұл ішінде MP3/WMA файлдары жоқ альбом.
- Қолданылмаған файл пішімдері өткізіліп жіберіледі. Мысалы, Word құжаттары (.doc) немесе .dlf кеңейтімді MP3 файлдары еленбейді және ойнатылмайды.
- AAC, WAV, PCM дыбыстық файлдары
- DRM арқылы қорғалған WMA файлдары (.wav, .m4a, .m4p, .mp4, .aac)
- Lossless пішіміндегі WMA файлдары

10 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін өнімді ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасаманыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласқан кезде өнімнің қасыңызда екенін, үлгі және сериялық нөмірі қол жетімді екенін тексеріңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының АТ сымның дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде жолды ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару болмаса, жүйе 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Диск таңдалмаған

- Дискіні салыңыз.
- Дискінің төмен қарап салынғанын тексеріңіз.
- Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.
- Дискіні ауыстырыңыз немесе тазаланыз.
- Пішімделген ықшам дискіні немесе дұрыс пішімдегі дискіні пайдаланыңыз.

Сурет жоқ

- Бейне қосылымын тексеріңіз.
- ТД дұрыс бейне кірісі арнасына қосыңыз.
- Прогрессивті жайма қосылған, бірақ ТД прогрессивті жайманы қолдамайды.

Қара және ақ немесе бұрмаланған сурет

- Диск ТД түс жүйесінің стандартына (PAL/NTSC) сәйкес емес.
- Кейде аз сурет бұрмалануы пайда болуы мүмкін. Бұл ақаулық емес.
- Дискіні тазартыңыз.
- Бұрмаланған сурет прогрессивті жайманы реттеу кезінде пайда болуы мүмкін.

ТД экранының кадр пішімін тіпті ТД дисплей пішімін орнатқан болсаңыз да өзгерту мүмкін емес.

- Кадр пішімі жүктелген DVD дискісінде бекітілген.
- Кейбір ТД жүйелері үшін кадр пішімін өзгерту мүмкін емес.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Құлақаспаптарды ажыратыңыз.
- Динамиктер дұрыс қосылғанын тексеріңіз.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын, алдымен негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен ойнатқышты жақындатыңыз.
- Батареяны көрсетілгендей қарсылықпен (+/- белгілері) туралап салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын ойнатқыштың алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

Диск ойнатылмайды

- Оқылатын дискіні жапсырма жағын жоғары қаратып салыңыз.
- Диск түрін, түс жүйесін және аймақтық кодты тексеріңіз. Дискіде қандай да сызықтардың немесе дақтардың бар-жоғын тексеріңіз.
- Жүйені реттеу мәзірінен шығу үшін **SYSTEM MENU** түймесін басыңыз.
- Ата-аналық бақылау құпия сөзін өшіріңіз немесе дәреже деңгейін өзгертіңіз.
- Жүйе ішінде ылғал конденсацияланған. Дискіні шығарыңыз және жүйені

шамамен бір сағатқа қосып қалдырыңыз. АТ қуат ашасын ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде дискіні ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару болмаса, жүйе 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

DivX бейне файлдарын ойнату мүмкін емес.

- DivX бейне файлы толық екенін тексеріңіз.
- Файл кеңейтімі дұрыс екенін тексеріңіз.
- Саңдық құқықтар мәселесіне байланысты, USB жад құрылғысында сақталған DRM-қорғалған бейне файлдарды аналогтық бейне қосылымы (мысалы, композиттік, компоненттік және SCART) арқылы ойнату мүмкін емес. Бұл файлдарды ойнату үшін бейне мазмұнын қолдау көрсетілетін дискіге тасымалдаңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- FM антеннасын толығымен ұзартыңыз.
- Оның орнына сыртқы FM антеннасын жалғаңыз.

Дыбыс немесе субтитр тілдерін орнату мүмкін емес

- Диск бірнеше тілдегі дыбыспен немесе субтитрлермен жазылмаған.
- Дискіде дыбыс немесе субтитр тіліне тыйым салынған.

USB құрылғысындағы кейбір файлдарды көрсету мүмкін емес

- USB құрылғысындағы қалталардың немесе файлдардың саны белгілі бір шектен асқан. Бұл ақаулық емес.
- Бұл файлдардың пішімдеріне қолдау көрсетілмейді.

USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB жад құрылғысы осы ойнатқышпен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

Таймер істемейді

- Сағатты дұрыс орнатыңыз.
- Таймерді қосыңыз.

Сағат/таймер параметрін өшірілген

- Токқа кедергі келтірілген немесе электр шнуры ажыратылған.
- Сағатты/таймерді қалпына келтіріңіз.

11 Ескерту


WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Сәйкестік



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.

Бұл құрылғыда мына белгі бар:



II сыныпты жабдық таңбасы:



Қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.

Қоршаған ортаны күту



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Өнімде көрсетілген тауар белгісі



Dolby зертханаларынан алынған лицензия бойынша жасалған.
«Dolby» және қос «D» таңбасы Dolby Laboratories сауда белгілері болып табылады.



'DVD Video' DVD Format/Logo Licensing корпорациясының сауда белгісі болып табылады.



DivX®, DivX Certified® және оларға қатысты логотиптер Rovi корпорациясының немесе оның филиалдарының сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады.

DIVX VIDEO ТУРАЛЫ: DivX® дегеніміз Rovi корпорациясының филиалы DivX ЖШС жасаған сандақ бейне пішімі болып табылады. Бұл DivX бейнесін ойнататын ресми DivX Certified® құрылғысы. Файлдарды DivX бейнелеріне түрлендіру үшін divx.com сайтына кіріңіз.

DIVX VIDEO-ON-DEMAND ТУРАЛЫ: Бұл DivX Certified® құрылғысы сатып алынған DivX Video-on-Demand (VOD) фильмдерін ойнату үшін тіркелуі керек. Тіркеу кодын алу үшін құрылғының орнату мәзірінде DivX VOD бөлімінің орнын анықтаңыз. Тіркеуді аяқтау туралы толық ақпарат үшін vod.divx.com сайтына өтіңіз.

Авторлық құқық ескертпесі



Be responsible
Respect copyrights

Бұл өнім авторлық құқықтарды қорғау технологиясын қамтиды, бұл технология АҚШ-тағы Rovi Corporation корпорациясының патенттер және басқа да зияткерлік меншік құқықтарымен қорғалған. Қайта құрастыруға және бөлшектеуге тыйым салынған.

2014 © WOOX Innovations Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Philips және Philips Shield Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және оларды WOOX Innovations Limited компаниясы Koninklijke Philips N.V. компаниясынан алған лицензия бойынша пайдаланады. Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. WOOX кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.



2014 ©WOOX Innovations Limited.
All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

MCD135_51_UM_V5.0

